



**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай мемлекеттік университеті**

**Костанайский государственный университет  
имени Ахмета Байтұрсынова**

**«Иннова - 2016»**

**атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛДЫ**

**Международной научно-методической конференции  
«Иннова - 2016»**

**15 қаңтар 2016 ж.**

**15 января 2016 г.**



**Костанай, 2016**

#### Раздел 4 ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Алпыспаева З. Т. К проблеме вторичной социализации личности в процессе изучения иностранного языка.....	162
Абдибекова А.Е. Тіл мен мәдениеттің өзарақарым-қатынасы.....	164
Абильбекова Б.Т. Тіл қазынасының бір бөлігі – фразеологизмдер.....	167
Ahmetova L.S. The question of implementation multilinguism in higher education in Kazakhstan .....	170
Ахметчина К.Е. Духовно-нравственное воспитание в условиях межкультурной коммуникации..	172
Беркенова Б. Б. Использование фразеологизмов в произведениях О.Сулейменова.....	175
Данкенова А.Б.Формирование поликультурной личности :.....	176
Качеев Д. А. Методика преподавания философии в полиязычной группе.....	178
Колдыбаев С.А. Из опыта преподавания на английском языке философии и политологии.....	180
Кулик А. В. Преподавание философских дисциплин на английском языке.....	182
Кучерявая Т. Л. К вопросу о полиязычном обучении студентов в вузов.....	184
Мустафина К. Е. Основные проблемы реализации полиязычного обучения в контексте глобализации образования.....	187
Милушкин С.И. Проблематика толерантности в современном Казахстане.....	189
Мирошниченко В. В. Формирование этнорегиональной идентичности учителя: к постановке проблемы.....	191
Назарбекова З. М. Из опыта изложения темы «Демократия» на английском языке.....	193
Омарова З.К. Современные тенденции развития полиязычного образования в системе высшей школы.....	196
Сарманова Ф. Т. Өз тіліміз өз көшемізден көрінбей жүр.....	198
Сарманова Ф. Т. Кәсіби лексиканы үйретудің ерекшеліктері.....	200
Смирнова С. М. Роль и значение интерактивного обучения.....	20.3
Созина Т. Н. Философские и психологические аспекты полиязычного образования.....	205
Тасмағамбетова З.Ж. Жоғары оқу орны студенттері практикадан өту кезінде кәсіби құзыреттерді қалып тастыру.....	208
Чепига О. И . К вопросу о полиязычном образовании в многоязычном пространстве.....	211
ШолпанбаеваҒ. Ә., ЛовцоваД. П. Көптілділік бүгінгі заманның ең басты өзекті мәселелерінің бірі.....	213
Журсиналина Г.Қ.Үш тұғырлы тіл – еліміздегі ұлттық руханиятымыздың өзегі және халықаралық бірлікті нығайтудың сипаты.....	217
Завитова Т.Ю. Особенности подготовки студентов к работе над профессионально-ориентированными текстами.....	219
Касьянова Вера Пахомовна Использование игрового метода в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку студентов экономических специальностей.....	222
Кульбаева М.М. Көптілділіктің қазіргі және болашақтағы көрінісі.....	225
Нурсентова А.К. О формировании полиязычной личности студента на занятиях по русскому языку.....	227
Утегенова Б.М.Инновационный учитель. или почему учителю необходимо меняться?...	229

Теңеулерде тұлға және оның адамгершілік, этикалық жақтары жөнінде түсінігі бекітілген: *добрый, как мать; трудолюбивый, как пчела; трусливый, как заяц; щедрый, как земля; упрямый, как осел; бестолковый, как баран*, және т.б. Мұндай теңеулер әр тілде кездеседі және әр халыққа тән ерекшеліктері болады. «*Злой, как собака*» тіркесі сәбіс, беларус, қырғыз, қазақ тілдерінде бар, тек ағылшын тілінде ғана кездеспейді. Себебі ағылшындық итті өте қастерлейді [7, 64 б.].

Тұрақты сөз тіркестерінің ұлттық мәдениетте алатын орны туралы еңбектерде: «фразеологизмдерде бекітілген образдарда тіл белгілі бір тілдік қоғамдастықтың материалдық, әлеуметтік, рухани мәдениетімен сабақтас дүниетанымының кумуляциясы бола отырып, ұлттың мәдени-рухани тәжірибесі мен дәстүрін бейнелейді», «фразеологизмдер тілдік ұжымның мәдени салт-дәстүрімен тығыз байланысты тұрмыстық, тарихи-рухани тәжірибесінің көшірмесі болып табылатын ақиқатты ұлттық тілде образды бейнелеу арқылы қалыптасады», «тілдік бірліктер мәдени-ұлттық сипатымен ерекшеленетін болса, тіл-ұлттық және жалпы адамзатқа ортақ мәдениет белгілерді – концептілерді, стереотиптерді, эталондарды, символдарды, мифологемаларды тілдік семантикамен ұштастыра танытуы қажет» деп көрсетіледі.

#### Библиографиялық тізім

1. Сәбитова, З.К. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Тілдің лингвистика-мәдениеттану феномен ретіндегі өзара әсері – Алматы: Жазушы, 2001.- 76 б.
2. Гумбольдт, В.фон. Избранные труды по языкознанию – М.: Прогресс, 1984.- 400 б.
3. Телия, В.Н. Русская фразеология – М.: Школа, 1996.- 238 б.
4. Бельгер, Г. Ода переводу - Алматы: Дайк Пресс, 2005.- 418 б.
5. Наделяев В.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М., Боровцова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю. Древнетюркский словарь – Л.: 1969
6. Бельгер, Г. Казахское слово – Астана, 2001
7. Маслова, В.А. Когнитивная лингвистика – Мн: Тетра Системс, 2004, 256 б.

### ТІЛ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ БІР БӨЛІГІ – ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Абильбекова Б.Т.

А. Байтурсинов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсинова  
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Тұрақты сөз тіркестері – сөздердің орны әбден қалыптасқан және құрамындағы сөздерден мүлдем басқа мағына беретін тіркес. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге, басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Неше сөзден тұрса да, тұрақты сөз тіркесі бір ғана мағынаны береді. Сөйлем ішінде бір ғана мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: *Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елге қызмет етеді*. Осы сөйлемдегі көзі ашық, көкірегі ояу тұрақты тіркестің сұрағы қандай? Саналы деген мағынаны білдіреді, анықтауыштық қызмет атқарады. Тұрақты сөз тіркестері ғылым тілінде **фразеология, фразеологизм** деп те аталады.

Фразеология – «phrasis» – орам, сөйлемше «logia» – ұғым, ілім деген грек сөздерінен жасалған термин. Бұл атау негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиянақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімнің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді [1].

«Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «**Фразеологизм дегеніміз** – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, дәл қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркесі мен сөйлемшелер». Осы

анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері номинативтік бірліктер, ресми іс құжаттарындағы даяр сөз орамдары түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизмдердің осы айтылған түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданымдық сипаты, лексикологияға қатысы бірыңғай емес. Сондықтан, тәжірибе жүзінде фразеологизмдер тар және кең мағынада қарастырылады. Бұлайша бөлім қарастырудың мәні фразеологизмнің лексикалық бірлік ретінде танылатын атауыштық сөзбен мағыналық байланысына, сол арқылы лексикологиямен жақындасатынына негізделген. Тұрақты сөз тіркесі бірнеше топқа жіктеледі: **идиомалық тіркестер** немесе **идиома** (мысалы: *қабырғасымен кеңес, біреудің ала жібін аттама*); **мақал-мәтел** (*Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар; Өнерлінің өзегі талмас*). Тұрақты сөз тіркесі қатарына бұлардан басқа екі кейде одан да көп сөздердің қатары жұмсалудан жасалып, бастапқы мағынасын сақтай отырып, бір ұғымды білдіретін тіркестер (*лексикалық тіркестер*) де кіреді. Мысалы, (*қол қою, көз салу, қол ұшын беру*).

Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
<i>Ит өлген жер</i>	<i>Алыс</i>
<i>Тайға таңба басқандай</i>	<i>Анық</i>
<i>Тілді үйіреді</i>	<i>Тәтті</i>
<i>Көз шырымын алу</i>	<i>Ұйықтау</i>
<i>Ажары кірді</i>	<i>Көріктелді</i>
<i>Ат салысу</i>	<i>Көмектесу</i>
<i>Аш көз</i>	<i>Қомағай Дам</i>
<i>Аяғы аспаннан келді</i>	<i>Тас талқаны шықты</i>
<i>Бармағын тістеді</i>	<i>Өкінді</i>
<i>Бауыр басу</i>	<i>Үйрену</i>
<i>Бес аспан</i>	<i>Өнерлі</i>
<i>Жібі түзу</i>	<i>Дұрыс адам</i>
<i>Сәлемі түзу</i>	<i>Ниеті дұрыс</i>
<i>Тон пішу</i>	<i>Сыртта болжау</i>
<i>Таба болу</i>	<i>Мазақ болу</i>
<i>Төсек тарту</i>	<i>Сырқаттану</i>
<i>Түбіне жету</i>	<i>Құрту</i>
<i>Тіс жармау</i>	<i>Айтпау</i>

Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, фразеологизмдік оралым деп аталады. Фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-біріне әрқашан ашық айқын ажыратыла бермейді, осыған орай, оларды классификациялау тіл білімінде өте-өте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылып, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылып жүр[2].

Академик В.В.Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің біртұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңалардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан фразеологиялық тұтастық (фразеологическое сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство) және фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание) деп үш түрге бөледі. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н.М. Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың 4-ші түрі фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение) деп есептейді.

Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен

көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі екені даусыз.

Соңғы жылдары халықаралық, тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салыстыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салыстыра зерттеу бағытында екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалады. Сондай-ақ, тіл табиғатында осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сияқты айқындатуда. Әр типтес тілдердегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу де өзіндік тұңғыш сыры бар қиындығы да мол күрделі жұмыс.

Тұрақты сөз тіркестерін, яғни фразеологизмдерді орыс тіліне аударғанда, олардың өз ара мәндес келетіндігі ескеріледі. Мысалы:

Тұрақты сөз тіркесі (орыс тілінде)	Қазақ тіліндегі мағынасы
Беречь как зеницу ока	Көздің қапшығындай сақтау
В пух и в прах	Күлін көккір ұшыру
В прятки играть	Жасырын оқ ойнау
Он пятки показал	Ол өкішесін бір-ақ көрсетті
Хоть глаза выколи	Көзге түрсе көргісіз
Зубы точить	Тісін қайрыу
Волосы встали дыбом	Төбе шашы тік тұру
Как в воду канул	Жер жұтқандай
За три девять земель	Жеті қабан жер астында
Седьмом небе	Төбесі көкке жету
Вешать нос	Еңсесін түсіру
Душа в пятки ушла	Жаны мұрын ұшына келу
Дела, как на ладони	Алақанға алғандай
Кусать себе палец	Бармағын тістеу

Дегенмен, қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін орыс тіліне, сол сияқты орыс тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін қазақ тіліне аударғанда бірден тура мағынасымен, яғни калька аудармасымен аудару әрқашан ұтымды бола бермейді. Солай дейтініміз, тұрақты сөз тіркестерін бір тілден екінші бір тілге, сөзбе-сөз аудару барысында сөз мағынасы, сөз көркемділігі, әуезділігі жоғалады немесе айтайын деп отырған сөз мағынасы өзгеріп, мүлде мағына үстемеуі мүмкін.

Мысалы: Ни рыба, ни мясо — *ет те емес, балық та емес*. Как две капли воды — *екі тамшы судай*. Рыбак рыбака видит из далека — *балықшы балықшыны алыстан көреді*. Лучше поздно, чем никогда — *Ештен кеш жақсы*. Правда - хорошо, а счастье - лучше — *шындық - жақсы, ал, бақыт - одан да жақсы т.б.*

Фразеологизмдерді орыс тілінен аударған кезде ереңше көңіл бөлетін тағы бір мәселе — ол тұрақты сөз тіркестерінің арғы шыққан тегі. Мысалы, қазіргі орыс тілінде қолданылып жүрген фразеологизмдердің ішінде басқа тілдерден енгендері көп. Олар: “лучше поздно, чем никогда”, “убит время” (француз тілінен); “холодная война”, “низкий уровень” (ағылшын тілінен); “невзирая на лица”, “Вот где собак зарыта” (неміс тілінен). Сонымен қатар орыс тілінде көне грек мифологиясына байланысты сөз образдары да көп кездеседі: “танталовы муки”, “авгиевы конюшни”, “троянский конь”, “яблоко раздора”, “Ахилесова пята”, “Дамоклов меч” . т. б.

Осылар сияқты сөз орамдарының ең алғаш қай тілде, қандай мағынада қолданылып, қалыптасқанын жақсы білмейінше, оларды бірден аудару салуға болмайды. Қазақшаға мұндай сөз образдарын аударғанда сілтемеде олардың мағыналары ашылып, түсініктеме беріліп отырса дұрыс болады.

Фразеологизмдердің дамуының негізгі екі түрі бар: Бірінші, тұрақты сөз тіркестері, ең алдымен, сол тілдің иесі болып табылатын халықтың ұлттық ерекшелігіне қарай жасалып, қалыптасады. Бұлар тілдің өзінің ішкі даму процесімен байланысты болады. Екіншісі — тұрақты

сөз тіркестері дамуының сыртқы процесі. Халықтар арасындағы қарым-қатынас бір тілден екінші бір тілге фразеологизмдердің ауысып отыруына мүмкіндік туғызады. Фразеологизмдер бір тілден екінші тілге сөйлеу тілі және жазба нұсқалар (публицистика, көркем әдебиет т. б.) арқылы ауысады. Мәселен: *көк базар, көз бояу, өмір сабағы, әрбір істің басталуы қиын, ештеңенің жақсы, жылтырағанның бәрі алтын емес, бейбітшілік қызығаршыны т. б.* тіркестер біздің тілімізде орыс тілінің ықпалымен қалыптасып, фразеологиялық қорымызды байыта түсуде. Сондай-ақ, Келдім, көрдім, жеңдім (Юлий Цезарь). Уақыт біздің пайданымызға қызмет етеді (Гладстон). Бәрі де ағады, бәрі де өзгереді (Гераклит). Стиль — ол адам (Юффон) т. б. сияқты әр түрлі халықтың афоризмдері де бізге орыс тілі арқылы енгені белгілі [3].

Сөйтіп, қай тілдің басымасын фразеологиясы халықтардың өзара қарым-қатынаста болуының нәтижесінде бірін-бірі толықтырып отырады. Ал бұл мәселе, бір жағынан, фразеологизмдердің сәтті аударылуына да байланысты. Яғни, бір тілдегі фразеологизмдердің екінші бір тілге аударылғанда олардың жымдасып, жатық болып жұмсалыуында.

#### Библиографиялық тізім

1. Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикографиясы мен фразеологиясы»—Алматы: Санат, 1997. —187 б.
- 2.І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»—Алматы: Ғылым, 1977. — 632 б.
- 3.І. Кеңесбаев Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері. —Алматы, 1954. —706 б.

### THE QUESTION OF IMPLEMENTATION MULTILINGUISM IN HIGHER EDUCATION IN KAZAKHSTAN

Ahmetova Lyzzat Sunka Bekovna

Kostanay State University named after A.Baitursynov

А. Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Kazakhstan is a multinational country. So the most important strategic objective of Kazakhstan's higher education system is, on the one hand, saving the best of Kazakhstan's educational traditions, on the other hand, providing graduates international qualifying qualities, developing their linguistic consciousness, the basis of acquirement official, native and English languages. If consider that students in schools, colleges and universities study in the official and Russian languages, but curricula of educational establishments provides studying, except Russian, one more foreign language(English), and we can say that Kazakhstan has already formed bilingually situation and there is a tendency of multilingual education.

So since 2012-2013 school year, the majority of higher education institutions of the republic have begun to prepare polylingual teaching staff. The new education system will be built in three languages. It is such a challenge President of the Republic of Kazakhstan sets to Kazakhstan's people in the short period of time.

According to management's strategic and innovative development of professional higher education Department the Ministry Education and Science of the Republic of the Kazakhstan, there are studying on three languages in 32 institutions-Kazakh, English and Russian so then polylingual education is received more than 5,5 thousand. of student[1].

Since 2015 school year there was started preparation teaching staff of science and technical professions. For that, Kazakhstan institutions called more than 3,5 thousands of foreign teachers for last 2,5 years[2].

Polylingual can call a person who speaks, understands and knows how to communicate in different situations to use foreign languages. Learning a foreign language is not yet talking about access to education. About multilingual education can talk in those cases, when studying foreign languages taught are other academic disciplines, such as sociology, political science, etc.